

«Май ауданы білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі

**Май ауданының жалпы орта білім беретін мектептеріне  
шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин кезеңінде білім беру  
ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар  
бойынша**


## **ҰСЫНЫМДАР**

*(ҚР Денсаулық сақтау министрі 28.08.2020 ж.  
№ ҚР ДСМ-98/2020 бұйрығы негізінде әзірленді)*

Тамыз, 2020 жыл

## 1. МЕКТЕПКЕ КІРУ

Ата-аналар баланы мектептің ауласына (қақпа) дейін әкеледі. Ата-аналардың мектеп ғимаратына **кіруіне рұқсат етілмейді**. Мектептің ауласынан ғимаратқа кіру есігіне дейінгі 1,5 м ара-қашықтықты сақтауға арналған **белгі сызу** керек.




## 2. ФИЛЬТР

Ғимаратқа кіреберісте қызметкерлер мен оқушылардың температурасын **тексеру орны** болу керек. Онда: үстел, жанаспайтын термометрия, антисептик, бетперде қоры, қағаз сүлгі, температураны өлшеу нәтижелерін есепке алу журналы, кезекшілік кестесі және оқушы тұратын арнайы [Т] белгісі салынған орын.



Барлық қызметкерлер мен оқушыларға күнделікті **фильтрден** өтеді (температураны өлшеу, қолды антисептикпен өңдеу, аяқ киімнің табанын өңдеу). Жауапты **кезекші әкімшілік** бұйрықпен бекітіледі. Температураны өлшеу нәтижелері журналға жазылады. **Журнал** нөмірленген, баумен өткізіліп, бекітілген болу керек.



### **3. АЯҚ КИІМДІ АУЫСТЫРУ**

Барлық оқушылар (қызметкерлер) аяқ киімдерін **ауыстырады**. Аяқ киім ауыстыруға кіреберістен **арнайы орын** дайындау керек. Әр оқушыға аты-жөні мен сыныбы жазылған **2 түсті пакет** дайындау: **ақ** – мектептегі аяқ киім үшін, **қара** – сырттағы аяқ киім үшін.



### **4. МЕКТЕПТЕГІ және СЫНЫПТАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС**

Мектепте жүріп-тұру, оның ішінде баспалдақпен көтерілу «бір жақты қозғалыс» қағидасы бойынша арнайы көрсеткіштермен таңбаланады. Әр сынып үшін **жеке түспен** сынып бөлмесіне дейін еденге **бағыттаушы** салынуы керек.



Сыныпқа кірген оқушы ең алдымен **қолын залалсыздандырады**. Сыныпта әр оқушының **өз орны** болады және партада аты-жөні жазылады.

### **5. ҚОЛДЫ ӨНДЕУ**

Оқушылардың, персоналдың қолдарын өңдеуге арналған тері антисептигі бар санитайзерлер **әр қабатта**, әр сыныпта (кабинетте), санитариялық тораптарда орнатылады. Әр санитарлық торапта тек **1 ғана әжетхана** жұмыс жасауы керек.



Қолданылған лас маскаларға арналған таңбаланған сыйымдылықтар: 1. Сынып бөлмесінде; 2. Санитарлық торапта орнатылады



### **6. ЖЕЛДЕТУ және ТАЗАЛЫҚ**

Сабақтар арасындағы үзіліс уақыты әр түрлі уақытта әр түрлі сыныптар (топтар) үшін белгіленеді. Әр сынып бөлмесінің есігіне үлгі бойынша мәліметтер іліну керек.

	Сабақтың басталуы	Сабақтың аяқталуы	Қоңырау ұзақтығы	Үзіліс уақыты	Орындалатын процедура
1 сабақ	09.00	09.40	5 мин	09.40-09.45	желдету, кварц
2 сабақ	09.45	10.25	10 мин	10.25-10.35	жуу, желдету
3 сабақ	10.35	11.15	5 мин	11.15-11.20	желдету, кварц
4 сабақ	11.20	12.00	10 мин	12.00-12.10	жуу, желдету
5 сабақ					
6 сабақ					

Әр кабинетті және санитарлық торапты жуу бойынша берілген үлгідегі кесте және жауапты адам бекітіледі. Әр күнге арналған кесте қаламмен бірге кабинетте, санитарлық торапта ілінуі керек. Тазалыққа жауапты адам орындалған жұмысты белгілеп, қол қояды.



### №2 кабинетті тазалау кестесі

3 қыркүйек 2020 ж.

<i>уақыты</i>	<i>Орындалған процедура</i>			<i>Тазалықшы қолы</i>
	<i>жуу</i>	<i>желдету</i>	<i>квәцтау</i>	
09.40		+	+	<i>Иванова</i>
10.25	+	+		<i>Иванова</i>
11.15		+	+	<i>Иванова</i>
12.00	+	+		<i>Иванова</i>

## **7. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР**

Нормативтік құжаттар жинақталып, мектеп директорының кабинетінде сақталады. Әр нормативтік құжат жан-жақты талқылануы керек.

**№1 папка.** ҚР Білім және Ғылым министрінің құжаттар

**№2 папка.** Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

**№3 папка.** Облыстық білім беру басқармасының құжаттары

**№4 папка.** Білім беру бөлімінің құжаттары. Ұсыным

**№5 папка.** Актілер (*мектептің дайындық паспорты, мектептің дайындық акті, электр құралдарын пайдалану бойынша акт, отжағар бойынша акт, санитарлық нормаларға сәйкестік актісі т.б.*)

**№6 папка.** Жұмыс алгоритмі бойынша құжаттар (*ата-аналардың өтініші, директормен бекітілген және ата-аналар комитетімен келісілген сабақ кестесі, ауысым кестесі, сыныптардың бекітілген тізімі, штаттық режимде жұмыс жасайтын қызметкерлер тізімі, штаттық (кезеңші) режимде оқу туралы педкеңес хаттамсы шешімінің көшірмесі т.б.*)